# Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 114 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 31 наурызда N 2-17-101 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі N 213 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 27.04.2015 № 213 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына сәйкес, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған N 1 және 2-қосымшаларға сәйкес, Сарқан ауданында ақылы қоғамдық жұмыстары 2011-2015 жылдарға "Сарқан ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі ( О.Тертюбаев) ұйымдастырсын.

2. Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбегі жергілікті бюджеттен қаржыландырылсын.

3. Сарқан ауданы әділет басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2-17-69 нөмірімен тіркелген, аудан әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 1 қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғ. Маманбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы аудандық әділет басқармасында тіркелсін және алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі* *Ә. Жақанбаев*

Сарқан ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 31 наурыздағы

N 114 қаулысына
N 1-қосымша

# Сарқан ауданының ақылы қоғамдық жұмыстардың тізбесі

| N | Жұмыспен қамтушы | Қоғамдық жұмыстың түрлері | адам саны | жұмыс ұзақтығы (ай сайын) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қалалық, кенттік, ауылдық округтердің әкімдері | Қала, кент, ауылдық округтер аумағындағы тазарту жұмыстарын жүргізу (ағаштарды, жол көркемдемелерін әктеу) | 75 | 3 |
| | | Аймақтың экологиясын сауықтыру, көгалдандыру, көркейту жұмыстарына қатысу | 74 | 3 |
| | | Шаруашылық кітаптарды анықтап толтыруға көмектесу | 25 | 3 |
| | | Көшеттерді қондыру және оларды күту | 50 | 3 |
| | | Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жесірлеріне, жалғыз басты қарттарға көмек көрсету | 5 | 3 |
| | | иесіз қалған үйлерді бөлшектеу жұмыстарын жүргізу | 15 | 3 |
| | | Көпірлердің, жолдардың шұқырлары мен шытынауларын жөндеу. Сол жұмыстарға қажетті тас қиыршығы, құм сияқты материалдарды дайындау | 16 | 3 |
| | | Республикалық аймақтық науқандық шаралар өткізуді ұйымдастыруға көмектесу | 20 | 3 |
| | | Тарихи сәулеттік ескерткіштерді, қорықтық аймақтарды қалпына келтіру | 10 | 3 |
| | | Әлеуметтік мәдени мәні бар тұрғын үйлерді қайта жөндеу жұмыстарына қатысу | 10 | 3 |
| | | Имарат және суаққы тазалау жұмыстарын жүргізу | 20 | 3 |
| | | Мұражай жұмыстарын жүргізу | 4 | 3 |
| | | Тұрмысы төмен отбасыларына және орламандарға мемлекеттік жәрдемақы алуға, кеңестік және құжаттарын қабылдауда көмек көрсету | 10 | 3 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қамау орындарынан босатылған адамдарға әлеуметтік көмек беру | 1 | 3 |
| | | Оралмандардың жұмыстары бойынша көші-қон бөліміне көмек көрсету | 4 | 3 |
| 2 | "Қазақ соқырлар қоғамы", "Арай" жастар орталығы, "Аманбөктер" аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару қоғамы, "Сарқан ауданы мүгедекте-рінің ерікті қоғамы" қоғамдық бірлестігі, "Ұлағат" қоғамдық қорының Жарғысы | Құқықтық көмек беру, үй шаруасындағы жұмыстарға, хат-хабарды жеткізіп беруге, қыстық отын дайындауға, бақша жұмыстарына әлеуметтік көмек көрсету | 30 | 12 |
| | | 1-2 топтағы мүгедектермен жұмыс жүргізу | | |
| | | Спорт командасын дайындау, халық билерін үйрету | | |
| | | Мүгедек балалармен, жасөспірімдер мен жұмыс жасау, ұлттық қолөнер және шахмат үйірмесі жұмысын жүргізу | | |
| | | Тұрмысы төмен отбасыларына қазақ, орыс және түрік тілдерінде компьютерлік сауаттылыққа үйрету, кеңес беру. Би, қолөнер, шығармашылық, музыкалық үйірмелік жұмыстарды жүргізу | | |
| | | Жұмыс іздеушілер клубын ұйымдастыру | | |
| | | Аула клубының жұмысына көмек көрсету (үйірмелік жұмыстар) | | |
| | | Аз қамтылған, толық емес отбасыларының балаларына бала-бақша ұйымдастыру | | |
| | | Жастармен жұмыс | | |
| | | Гүл көшеттерін және ағаш отырғызу және оларды күту | | |
| | | Қол өнерді, халық дәстүрін қайта жандандыруға көмектесу | | |
| | | Ауылдағы әйелдердің белсенділігін көтеру | | |
| | | ауылдың мәдени, әлеуметтік экономикалық ахуалын көтеру | | |
| | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік | Зейнетақы және жәрдемақының мөлшерін қайта есептеу жұмыстарына байланысты | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | орталығының Алматы облыстық филиалы Сарқан аудандық бөлімшесі | архивтегі зейнеткерлердің жеке істеріне өзгерістерді тігу және желімдеу; төлемдердің жаңа түрі бойынша құжаттарды рәсімдеуде көмек көрсету | 8 | 3 |
| 4 | Сарқан аудандық Әділет басқармасы | Мұрағаттық жұмыстарға көмек көрсету | 5 | 3 |
| 5 | "Республика-лық фитосанитар-лық диагностика мен болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі Сарқан аудандық филиалы | Ауылшаруашылықтағы зиянкестермен күресу (азиялық шегіртке, итальяндық прус) | 19 | 4 |
| 6 | "Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі | Күзде және көктемде азаматтарды әскерге шақыру мезгілінде құжаттар толтыруға, шақыруға көмектесу | 27 | 3 |
| 7 | "Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесінің Сарқан аудандық филиалы | Мұрағат қорларынан қалпына келтіру | 8 | 3 |
| 8 | Мүмкіндігі шектеулі балаларға және жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімі | Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету | 10 | 3 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Мұражай жұмыстарын жүргізу | 2 | 3 |
| | Барлығы | 32 түр | 450 | |

Ақылы қоғамдық жұмыстардың еңбекақысы жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген ең төменгі айлық еңбек-ақы көлемінде төленеді.

Сарқан ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 31 наурыздағы
N 114 қаулысына
N 2-қосымша

## Халықтың нысаналы топтарға кіретін адамдардың тізбесі

1. Табысы аз адамдар.
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті, көп балалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған).
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. Оралмандар.
11. Жұмыс беруші- заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші- жеке тұлғаның қызметін тоқтатылуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.
12. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (бір жыл және одан да көп).
13. Елу жастан асқан адамдар.
14. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
15. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды бітірген жұмыссыздар.
16. Жұмыстан жаппай босатылғандар.

17. Мектептің, арнайы орта оқк орнын немесе кәсіптік оқу орнын бітірген түлектері.

*Аудан әкімі* *Ә. Жақанбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК